

Мектепте бастауыш сынып білім алушыларын адамгершілікке тәрбиелеу бойынша зерттеу нәтижелері

А. Ш. Танирбергенова^{*1}, К.А.Усербаева², Г.К.Нурахметова³

¹Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

²№93 мектеп-лицей

Астана қ., Қазақстан Республикасы

³Ф. Орманов атындағы №7 мектеп-гимназия

Астана қ., Қазақстан Республикасы

*a.tanirbergenova@uba.edu.kz



Аңдатпа. Мақалада адамгершілік тәрбиесі туралы теориялық ізденістер мен эксперимент жұмыстарының нәтижелері ұсынылады. Білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселенің өзектілігі қазіргі кезеңдегі проблемалармен байланысты талданып көрсетілген. Жалпы адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына әсер етуші факторлардың ықпалдарын төмендету үшін зерттеу проблемасы тұрғысынан модель ұсынылады. Ұсынылған модельдің білім беру ортасында тиімділігі эксперимент жұмыстарының нәтижелері арқылы дәлелденген. Мақалада зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы және эксперимент жұмыстары барысында алынған деректерге салыстырмалы және сапалық талдау жасалып, эксперимент жұмыстарының нәтижесінде ұсынымдар әзірленген. Зерттеу жұмысында Л.Колбергтің моралдық сана дамуын бағалау әдістемесі бейімдеп қолданылады және шынайы тәжірибеде жиі орын алатын жағдаяттарды саралай отырып, кейстерді шешу ұсынылады. Кейстер бойынша білім алушылардың шешім қабылдау ерекшеліктеріне талдау жасау жұмыстарының нәтижелері талқыланған. Мақалада эксперимент барысында адамгершілікке тәрбиелеу моделі негізінде тәжірибеде тиімді қолдануға болатын түрлі әдістер қамтылған. Білім алушыларды адамгершілікке тәрбиелеу моделі шеңберінде ұсынылған шаралардың, ата-аналармен бірлескен жұмыстардың нәтижелігі анықталған. Зерттеу жұмысында эксперимент тобында бақылау тобына қарағанда айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізген. Бұл эксперимент тобындағы білім алушылардың жеке моральдық сенімдеріне негізделген шешімдер қабылдау қабілеті мен әділеттілік пен адалдық принциптеріне адалдықтары артқаны анықталды. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе адамгершілік тәрбиенің білім беру процесінің барлық аспектілеріне интеграциялау ұсынылады.



Кілтті сөздер: адамгершілік, адамгершілік тәрбие, моральдық сана, әлеуметтік жауапкершілік, адами қасиет, адамгершілік қасиет.

99 **Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:**
Танирбергенова, А.Ш., Усербаева, К.А., Нурахметова, Г.К., Мектепте бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу бойынша зерттеу нәтижелері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Бі. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – №2. – Б. 88-97.

Кіріспе

Адамгершілік тәрбие – бұл адамгершілік сезімдерді, сенімдерді, құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын қалыптастыру процесі мен оның нәтижесі. Ол моральдық сананы, жауапкершілікті, жанашырлық өзін және басқаларды құрметтеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Адамгершілік тәрбие адамның бойында тұрақты моральдық принциптерді, әдеп нормаларын, әлеуметтік ортада өзін-өзі ұстау мен басқаларға қатысты адами тұрғыдан дұрыс шешімдер қабылдай білеуге және адами келбетті ұстап тұруға ықпал ететін ережелерді қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы 2023 жылдың 17 маусымда киелі Түркістан топырағында өткен ІІ Ұлттық құрылтайда «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты сөйлеген сөзінде [1] өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударды. Ол: «Біз ұрпақ тәрбиесіне бас мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз қажет. Баланың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек», - деген болатын. Бұл жоғары мемлекеттік деңгейде қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуына өскелең ұрпақтың моральдық, зияткерлік және физикалық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығын жоғары бағалайтындығын көрсетеді.

Сонымен қатар, өскелең ұрпақ бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың өзектілігі келесі шарттармен сипатталады:

Біріншіден, цифрлық технологиялар адам өмірінде белсенді қолданылуы тұлғаның қалыптасуына әсері бар. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамада [2] жасөспірімдер мен жастар 72,2% бос уақытын өткізу үшін әлеуметтік желілердегі видеоконтентті таңдайтындығы ай-

тылады. Виртуалды орта мінез-құлықтың оң да, теріс де үлгілерін ұсынады, бұл балалардың ақпаратты сыни бағалау және этикалық негізделген сайлау жасау қабілетін тәрбиелеуді маңызды етеді.

Екіншіден, қазіргі таңда балалар ақпарат ағынының нөпірінің ортасында өсуінде. Интернетте балалардың бетпе-бет келетін ақпарат көлемі олардан шындықты жалғаннан, жақсылықты жамандықтан айыра білуді талап етеді.

Үшіншіден, әлеуметтік өзара әрекеттестіктің өзгеруін атауға болады. Өйткені, цифрлық технологиялар коммуникация тәсілдерін өзгертті.

Аталған факторлар зерттеудің өзектілігін айқындады және бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын ескеру қажеттігін көрсетті.

Материалдар мен әдістер Зерттеу әдіснамасы

Адамгершілік тәрбие адамда қоғамдық нормалар мен құндылықтарға сәйкес моральдық құндылықтарды, мінез-құлық нормалары мен қатынастарды қалыптастыруға бағытталған білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Педагогика ғылымында адамгершілік тәрбиесі жеке тұлғада ар-ұждан, этика, мейірімділік, әділеттілік, жауапкершілік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, сондай-ақ моральдық сананы дамыту мен моральдық маңызы бар әрекеттерді саналы түрде таңдау процесі ретінде айқындалады.

Ғылыми еңбектерді зерделеп, адамгершілік ұғымының қалыптасу тарихи кезеңдері бар екендігін нақтылауға мүмкіндік берді.

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілікке тәрбиелеуге қатысты бірқатар зерттеулерге шолу жасалды. Бирмингем университеті (University Birmingham, 2022) адамгершілік тәрбиесін білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырады. Негізгі философиялық мәні «Жаңа Аристотельдік» (Neo-Aristotelian) моделін басшылыққа алады. Аталған модельге сәйкес баланы адамгершілікке тәрбиелеудің екі жолы ұсынылған [3]. Біріккен Ұлттар Ұйымы тұрақты даму мақсатында (ТДМ-4) барлық білім алушылар үшін қауіпсіз, зорлық-зомбылықсыз, инклюзивті және тиімді ортаны қалыптастыру маңызды екендігі көрсетілген. Осыған орай ЮНЕСКО «Бақытты мектеп» жобасы бастамасы ұсынылған. Бұл құжат шеңберінде бақытты білім алушы, бақытты сынып, бақытты орта тақырыптарының кешені білім алушылардың тұлғалық қасиеттеріне, дағдыларына кешенді ықпал ету стратегияларын ұсынады [4]. Гонконгтың құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламасында адамгершілік тәрбиесі құрмет, жауапкершілік, ұлттық бірегейлік, адалдық және заңға бағыну құндылықтары арқылы жүзеге асырылады [5]. Қазақстанда адамгершілік тәрбиесі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде қамтылған [6]. А.Ш.Танирбергенова тәрбие оқу пәндерінің мазмұны арқылы интеграциялануы қажет десе [7],

А.Қ.Құсайынов адамгершілік мәселесін ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар жүйесімен сабақтастырып, жеке бағыт ретінде қарастырса [8], Р.А. Қаратабанов қазіргі жаһандану дәуіріндегі ұлттық бірегейлікті сақтай отырып құндылықтар негізінде білім беру ұйымының түлегінің моделін құру арқылы білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды ұсынады [9]. Бұл зерттеулер адамгершілік тәрбиесінің жан-жақты сипатын көрсетеді.

Жоғарыда талданған теориялық ілімдер адамның бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін адамның адамгершілікке негізделген пайымы, яғни қалыптасқан ой тұжырымдары, ұстанымдары мен сүйенетін әдеп нормалары болуы тиіс.

Бұл модель белгілі бір ортада өзге адамға, өзіне қатысты шешімдерді қабылдауда адамгершілік пайымдарына жүгінеді, ұстанымдарын (приптеріне) сәйкес шешімдер қабылдайды, әдеп нормаларына сәйкес әрекет етеді. Ғылыми зерттеулерге талдау жасау негізінде білім беру ұйымдарында адамгершілік тәрбиесінің моделі әзірленді. Модель бала бойындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін басты адамгершілік пайым, әдеп, ұстаныммен байланысты түзіледі.



1 – сурет – Адамгершілікті қалыптастырудың моделі
(Бұл моделді авторлар құрастырған)

Ойымызды түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі ұғымы мен оның әдістері мәдени, әлеуметтік жағдайларға байланысты өзгеріп отырады, бірақта өзгермейтін ұстанымдар сақталады. Ол бала тәрбиесіндегі адами келбетті сақтау, баланың белгілі әдеп нормаларын ұстануға ықпал ететін әдет пен дағдыларды қамтиды. Сол себепті де, адамгершілік тәрбиесі оқу бағдарламаларын, сабақтан тыс жұмыстарды, мектеп мәдениетін және отбасымен және қоғамдастықпен қарым-қатынасты қоса алғанда, білім беру процесінің барлық аспектілеріне кіріктірілсе, сапалы болмақ.

Зерттеу әдістемесі

Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі тұжырымдарын анықтауға Абайдың «Толық адам», «Шәкәрімнің «Ұждан», психологиялық негіздерін анықтау Л.С.Выготскийдің, Ж.Пиженің, Л.Колбергтің, әлеуметтік тетіктерін анықтау үшін А.Бандураның, цифрлық кеңістіктің ықпалын ескере отырып адамгершілікке тәрбиелеуде У. Бронфенбреннің тәрбиенің экожүйесін құрайды.

Зерттеу жұмысы жұмысына 4-сынып оқушылары, оның ішінде эксперимент тобына – 21 білім алушы және бақылау тобында – 23 білім алушы таңдалды. Эксперимент жұмысына қатысу үшін білім алушылардың ата-аналарынан ақпараттық келісім алынды.

Білім алушылардың адамгершілік ұстанымдарын анықтау мақсатында Л.Колбергтің моралдық сана дамуын бағалау әдістемесі (Л.Анициферова бейімдеген) қолданылды. Таңдалған әдістеме 9 тұжырымнан тұрады, бірақ біз 4-сыныптың оқушыларына 3 негізгі тұжырымды алдық. Тұжырымдар өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдауға бағытталады және жағдаят түрінде сипатталып жазылды. Білім алушыға жағдаят жазбаша ұсынылады, зерттеуші бұл жұмысты жұпта орындатуына болады. Бірақ біздің эксперимент жағдайымызда әр экспериментке қатысушы балаға жазбаша ұсынды, білім алушы жағдаятпен танысып, айтылып

тұрған жағдаятқа қатысты шешімін өз бетінше жазды. Бұл экспериментке қатысқан әр баланың шешімін анықтап, моралдық шешімдері туралы талдау жасауға көмектеседі.

Нәтижелер мен талқылаулар

Л.Колбергтің моралдық сана дамуын бағалау әдістемесі моральдық сананың конвенцияға дейінгі, конвенциялық және конвенциядан кейінгі деңгейлерін анықтауға бағытталған үш моральдық тұжырымнан тұрады. Қатысушылар әр жағдаятта қалай әрекет ететіндігін таңдады, өз таңдауларының себебін түсіндіреді.

Тұжырым 1 (конвенциялық деңгей): эксперименттік топта 21 қатысушының 14-і ережелерді бұзатын шешімді таңдады (мысалы, дәрі-дәрмекті ақысыз алу), бұл досына көмектесудің маңызды қажеттілігін негіздеді. Бақылау тобында 23 қатысушының тек 8-і осындай шешімді таңдады. Бұл эксперименттік топтағы жеке сенімдерге негізделген әрекеттерге жоғары бейімділікті көрсетеді.

Тұжырым 2 (конвенциялық деңгей): сыныптасын қорғауды эксперименттік топтан 18 және бақылау тобынан 15 қатысушы таңдады. Екі топқа қатысушылардың көпшілігі өз таңдауын моральдық және әлеуметтік нормаларды сақтаудың маңыздылығымен негіздеді.

Тұжырым 3 (конвенциядан кейінгі деңгей): эксперименттік топтағы 16 қатысушы, ал бақылау тобында 12 қатысушы әділеттілік пен адалдық принциптерін басшылыққа ала отырып, кітаптың жоғалғаны туралы хабарлауды таңдады.

Деректер эксперименттік топтың жеке моральдық сенімдердің (1 және 3 тұжырымдар) пайдасына қабылданған нормаларды бұзуға жоғары дайындықты көрсететінін көрсетеді, бұл экспериментті алдын ала дайындаудың немесе жүргізудің ерекшеліктерінің әсерін көрсетуі мүмкін. Бақылау тобы өз кезегінде қоғамдық үміттер мен ережелерді консервативті түрде ұстанады.


Жалпы эксперимент нәтижелері эксперименттік және бақылау топтары арасындағы моральдық пайымдаулардағы айырмашылықтарды көрсетеді, бұл оқыту мен сыртқы әсерлердің жеке адамдардың

моральдық дамуына қалай әсер ететінін түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін. Бұл тұжырымдар білім беру бағдарламаларының оқушылардың моральдық санасына әсерін одан әрі зерттеуге негіз бола алады.

1-кесте. Экспериментке дейінгі және кейінгі кезеңдегі Л.Колберттің әдістемесіне байланысты әзірленген тұжырымдар бойынша сандық талдау

Жауаптардың топтамасы	Эксперимент тобы		Бақылау тобы	
	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
Досына көмектесу маңызды екендігін көрсетіп, бірақ ережені бұзу қажет деп таңдағандар	14 (66,6%)	8 (38%)	12 (52%)	10 (43%)
Досына көмектесу маңызды екендігін көрсетіп, бірақ ережені бұзбау қажет деп таңдағандар	5 (23,8%)	14 (66,6%)	8 (34,7%)	10 (43%)
Досына көмектес ересектерді міндеті деп шешім қабылдағандар	2 (9,5%)	1 (4,8%)	3 (13%)	3 (13%)

1-кестеде берілген нәтижелерге талдау эксперимент жұмысының моральдық шешімдер қабылдауы бойынша өзгерістердің болғандығын көрсетеді.



2-сурет – Л.Колберттің әдістемесі бойынша экспериментке дейінгі және кейінгі кезеңдегі пайыздық көрсеткіштер

Алынған нәтижелерге салыстырмалы талдау нәтижесінде эксперименттік топ бойынша: бірінші тұжырымдағы ережелерді бұзудың артуы жалпы қабылданған ережелермен салыстырғанда жеке моральдық сенімдердің өсуін көрсетеді. Сыныптасын қорғайтын қатысушылар санының едәуір артуы әлеуметтік жауапкершілік пен эмпатияның күшеюін

көрсетеді. Кітаптың жоғалғаны туралы хабарлаған қатысушылар санының өсуі әділеттілік қағидаттарына адалдықтың артқанын көрсетеді. Бақылау тобында бірінші тұжырымдағы шамалы өзгеріс моральдық сенімнің тұрақтылығын көрсетті, сыныптасын қорғауға деген ниетінің, тілегінің артуы эксперименттік топтағыдай байқалмаса да, әлеуметтік сананың өсуі

не нұсқайды. Кітаптың жоғалғаны туралы хабарламаның өсуі моральдық принциптердің күшеюін көрсетеді.


Эксперименттік топ бақылау тобымен салыстырғанда моральдық пайымдауларда үлкен өзгерістерді көрсетті, бұл эксперименттің ерекшеліктерінің нәтижесі дегуге негіз бар. Бұл өзгерістер қатысушы-

лардың моральдық санасын дамытудағы эксперименттік интервенциялардың тиімділігін көрсетеді.

Келесі кезекте түрлі жағдайларға байланысты экспериментке қатысушылардың реакциясын анықтауға байланысты алдын ала әзірленген видеоматериалдар нәтижесі талданды.

2-кесте. Білім алушылардың түрлі жағдайларға реакциясы экспериментінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижесі

1	Жауаптардың топтамасы	Эксперимент тобы		Бақылау тобы	
		2	3	4	5
	1	Дейін	Кейін	Дейін	Кейін
2	Ұсынылған жағдайда өз бастамасын білдіріп, әрекетке көшкендер	8 (38%)	12 (57,2%)	10 (43%)	12 (52%)
3	Жағдайға назар аудармай өз әрекетін жалғастырғандар	5 (23,8%)	3(14,2%)	8 (34,7%)	5 (21,7%)
4	Жағдайды байқамағандар	2 (9,5%)	1 (4,8%)	3 (13%)	4 (17,3%)
5	Не істерін білмей тұрып қалғандар	3 (14,2%)	1 (4,8%)	1 (4,3%)	2 (8,6%)
6	Басқа досымен бірлесіп әрекет етуге көшкендер	3 (14,2%)	4 (19%)	1 (4,3%)	1 (4,3%)



3-сурет – Білім алушылардың түрлі жағдайларға реакциясы экспериментінің экспериментке дейінгі және кейінгі кезеңдегі пайыздық көрсеткіштер

Жүргізілген зерттеу жұмыстарынан эксперимент барысында әзірленген бағдарлама өзіндік нәтижесін берді деуге негіз бар.

Себебі эксперимент барысында таңдалған іс-шараларға білім алушылар ерекше ықыласпен қатысты. Іс-шаралар тек шара жасау үшін ғана емес білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына оң әсерін тигізді. Оны эксперимент барысында ұйымдастырылған әдістемелердің нәтижелі болғандығын Л. Колбергтің моральдық пайымдар туралы қабылдаған шешімдерінен және белгілі бір жағдайларға білім алушылардың реакциясын анықтау арқылы шешімдер қабылдап, бастама көтере білу дағдыларына көруге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бұл зерттеу адамгершілік тәрбиені білім беру процесіне енгізу бойынша одан әрі жұмыстың маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетеді. Болашақта оқыту үшін қосымша әдістемелер мен материалдар әзірлеу, сондай-ақ бағдарламаны оқушылардың кең аудиториясына кеңейту қажет. Цифрлық дәуірде, балалар көптеген этикалық қиындықтарға тап болған кезде, мұндай бағдарлама әлеуметтік жауапты және моральдық жағынан жетілген тұлғаларды дайындаудың қажетті құралы болып табылады.

Осы зерттеу аясында жүргізілген эксперимент жұмысы нәтижесінде келесідей ұсынымдар беріледі:

- 1) Педагогтер білім берумен ғана емес, балалардағы адами ұстанымдарын, пайымдарын қалыптастырудағы негізгі тұлға екендігін зерттеу нәтижелері растады. Күнделікті тәжірибеде және оқушылармен қарым-қатынаста педагогтер оқушыларға рөлдік моделі болады.
- 2) Баланың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына әлеуметтік орта мен қатар әлеуметтік желі, түрлі видеокон-

тенттер, яғни Интернет кеңістігіндегі ақпараттар ықпал етеді.

- 3) Адамгершілік тәрбие мәселелеріне қатысты ұстанымдар оқу-тәрбие процесінің әртүрлі аспектілеріне кіріктіру де өз тиімділігін көрсетті. Атап айтқанда, эмпатияны, жауапкершілік пен әділеттілікті дамытуға бағытталған іс-шаралар тұлғаның адами келбетін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін маңызды.
- 4) Адамгершілікке тәрбиелеуде баланың жас және жеке-дара ерекшелігін ескеру маңызды.
- 5) Білім беру ұйымдарындағы адамгершілік тәрбиесі ақыл, өсиет, өнеге айтумен емес, мінез-құлық үлгісінің тәжірибесін көрсетуге мүмкіндік беретін әлеуметтік жобалар арқылы қалыптасады.
- 5) Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық балалардың моральдық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуы, сондай-ақ олардың мектептегі адамгершілік бастамаларын қолдауы оның әсерін күшейтеді.
- 6) Білім беру тәжірибесін түзету және жақсарту үшін адамгершілік тәрбиесінің нәтижелерін үнемі бағалау және талдау қажет. Оқушылардың адамгершілік құзыреттіліктерін игерудегі жетістіктерін қадағалау бағдарламалар мен әдістемелерге уақытында өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. 17 маусым 2023 жыл. [Электронды ресурс] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulityk-kuryltaydyn-adilettilik-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> (09.12.2023 қаралды)
2. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы. = Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2022». = National report “Youth of Kazakhstan – 2022”. – Астана, 2022. – 384 б.

3. **Arthur, J., Kristjánsson, K.** The Jubilee Centre framework for character education in schools // University of Birmingham. – 2022.
4. **UNESCO.** Learning to be: A holistic and integrated approach to values education for human development: Core values and the valuing process for developing innovative practices for values education toward international understanding and a culture of peace. – 2002. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000127914>
5. **Bureau, E.** The Government of Hong Kong Special Administrative Region //Physical Education. Key Learning Area Curriculum Guide (Primary 1-Secondary 6). – 2017 // https://www.edb.gov.hk/en/curriculum-development/4-key-tasks/moral-civic/ve_curriculum_framework2021.html
6. Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы [Электронды ресурс] // <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk> (24.03.2024 қаралды)
7. **Танірбергенова, А. Ш.** Біртұтас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №3. – Б. 143-156.
8. **Құсайынов, А. Қ.** Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №2. – Б. 131-141.
9. **Қаратабанов, Р.** Құндылыққа негізделген мектеп түлегінің моделі: теориялық негіздемесі және жобалау тәсілдемесі [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №1. – Б. 10-18.
- shi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959 (09.12.2023 qaraldy)
2. «Qazaqstan jastary – 2022» ultiyq baiandamasy. = Nasionalniyi doklad «Molodej Kazahstana – 2022». = National report “Youth of Kazakhstan – 2022”. – Astana, 2022. – 384 b.
3. **Arthur, J., Kristjánsson, K.** The Jubilee Centre framework for character education in schools //University of Birmingham. – 2022.
4. **UNESCO.** Learning to be: A holistic and integrated approach to values education for human development: Core values and the valuing process for developing innovative practices for values education toward international understanding and a culture of peace. – 2002. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000127914>
5. **Bureau, E.** The Government of Hong Kong Special Administrative Region //Physical Education. Key Learning Area Curriculum Guide (Primary 1-Secondary 6). – 2017 // https://www.edb.gov.hk/en/curriculum-development/4-key-tasks/moral-civic/ve_curriculum_framework2021.html
6. Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniń 2023 jylǵy 19 qyrkúiekteǵy №294 búiryǵy [Elektrondy resurs] [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated September 19, 2023 No. 294 on approval of the “Unified educational program” for educational organizations other than universities] // <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/539827?lang=kk> (24.03.2024 qaraldy)
7. **Tanirbergenova, A. Ş.** Birtutas tárbie baǵdarlamasy: zertteuler men iske asyru tetikteri [Unified educational program: research and implementation mechanisms] [Mätin] // «Bilim» ǵylymi-pedagogikalıyq jurnaly. – Astana: Y. Altynsarin atyndaǵy Ulttyq bilim akademiasy, 2023. – №3. – B. 143-156.
8. **Qusaiynov, A. Q.** Úrpaq tárbiesindeǵy qúndylyqtar negizi [The basis of values in the upbringing of offspring] [Mätin] // «Bilim» ǵylymi-pedagogikalıyq jurnaly. – Astana: Y. Altynsarin atyndaǵy Ulttyq bilim akademiasy, 2023. – №2. – B. 131-141.
9. **Qaratabanov, R.** Qúndylyqqa negizdelgen mектеп túleginiń modeli: teorıalyq negizdemesi jáne jobalau tásildemesi [Value-based school graduate model: theoretical justification and design approach] [Mätin] // «Bilim» ǵylymi-pedagogikalıyq jurnaly. – Astana: Y. Altynsarin atyndaǵy Ulttyq bilim akademiasy, 2024. – №1. – B. 10-18.

References

1. Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Ulttyq qúryltaidyń «Adiletti Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinshi otyrysynda sóilegen sózi. 17 mausym 2023 jyl. [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the second meeting of the National kurultai “Adil Kazakhstan-Adal Azamat”] [Elektrondy resurs] // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidyndyn-adiletty-kazakstan-adal-azamat-atty-ekin->

Результаты исследования по моральному воспитанию учеников начальных классов в школе

А.Ш. Танірбергенова¹, К.А. Усербаева², Г.К. Нурахметова³

¹Национальная академия образования имени И. Алтынсарина
г. Астана, Республика Казахстан

²Школа-лицей №93

г. Астана, Республика Казахстан

³Школа-гимназия №7 имени Г. Орманова

г. Астана, Республика Казахстан



Аннотация. В статье представлены теоретические исследования и результаты экспериментов по моральному воспитанию. Актуальность воспитания учащихся в духе морали проанализирована в связи с современными проблемами. С целью снижения влияния факторов, воздействующих на формирование моральных качеств, предлагается модель с точки зрения исследуемой проблемы. Эффективность предложенной модели в образовательной среде подтверждена результатами экспериментальной работы. В статье проводится сравнительный и качественный анализ организации исследования и данных, полученных в ходе экспериментов, и на основании результатов экспериментов разработаны рекомендации. В исследовании адаптируется методика оценки развития морального сознания Л. Колберга, предлагается решение кейсов, основанных на ситуациях, часто встречающихся в реальной практике. Обсуждаются результаты анализа особенностей принятия решений учащимися по кейсам. В статье рассматриваются различные методы, которые можно эффективно применять на практике, основанные на модели морального воспитания. Определена результативность предложенных мероприятий в рамках модели морального воспитания учащихся, включая совместные усилия с родителями. В исследовании было установлено, что экспериментальная группа достигла значительно лучших результатов по сравнению с контрольной группой. Выявлено, что учащиеся экспериментальной группы продемонстрировали увеличенную способность принимать решения, основанные на личных моральных убеждениях, и большую приверженность принципам справедливости и честности. В заключение, в исследовании рекомендуется интеграция морального воспитания во все аспекты образовательного процесса.



Ключевые слова: мораль, моральное воспитание, моральное сознание, социальная ответственность, человеческие качества, моральные качества

Research Results on Moral Education of Primary School Students in Schools

A.Sh. Tanirbergenova¹, K.A. Userbaeva², G.K. Nurakhmetova³

¹National Academy of Education named after Y. Altynsarin
Astana, Republic of Kazakhstan

²School-Lyceum No. 93
Astana, Republic of Kazakhstan

³School-Gymnasium No. 7 named after G. Ormanov
Astana, Republic of Kazakhstan



Abstract. The article presents the theoretical research and experimental results on moral education. The relevance of educating students in moral values is analyzed in connection with contemporary issues. To mitigate the impact of factors affecting the formation of moral qualities, a model is proposed from the perspective of the research problem. The effectiveness of the proposed model in the educational environment is evidenced by the results of experimental work. The article provides a comparative and qualitative analysis of the organization of the research work and the data obtained during the experiments, and recommendations were developed based on the experimental results. The study adapted L. Kohlberg's methodology for assessing moral de-

velopment and proposed solving case studies based on real-life situations. The article discusses the results of analyzing the decision-making characteristics of students through case studies. Various methods that can be effectively used in practice based on the model of moral education are included. The effectiveness of the proposed activities within the moral education model, including collaborative efforts with parents, was identified. The research found that the experimental group achieved significantly better results compared to the control group. It was revealed that students in the experimental group demonstrated an increased ability to make decisions based on their personal moral beliefs and a greater adherence to principles of justice and honesty. In conclusion, the study recommends integrating moral education into all aspects of the educational process.



Keywords: morality, moral education, moral consciousness, social responsibility, human qualities, moral qualities

Материал баспаға 11.06.2024 келіп түсті.